Серуен	Балалардың қалауы бойынша құрастырмалы материалдарды алып, шығу, олармен еркін ойындарда баланың дербес әрекетін дамыту (құрастыру) Қимылды ойын «Шарды ұста»	Қимылды ойын: «Өз үйінді тап» Құмда таяқшамен сурет салғызу (Сурет салу) «Қауіпсіздік ережелері» Серуенде және сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.	Қимылды ойын «Төгілген жіптерді жылдам жина» Лэпбукта дербес жапсыру әрекетін жасату. (жапсыру)	Доппен ойындар. Ұлттық ойын «Қуыр қуыр қуырмаш» Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігін арттыруға үйрету (Музыка)	Қимылды ойын «Төгілген жіптерді жылдам жина» Ермексаздан шөптер жасату. (Мүсіндеу)
Балалардың үйге қайтуы	Табиғи материалдармен ойын ойнауды ұсыну Апта бойғы жұмыстар бойынша ақпарат беру. «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау				

ЖШСЖШС «ALTAIR kids» балабақшасы
«Балбөбек» кіші тобы

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2025 жыл мамыр айы 3 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 19.05.2025	Сейсенбі 20.05.2025	Сәрсенбі 21.05.2025	Бейсенбі 22.05.2025	Жұма 23.05.2025
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу, жайлы ойын жағдайын жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Сәлеметсіз бе! сөзін сөздік қорына қосу. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру(сөйлеуді дамыту). Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кенес, әңгімелесу	Балалардың ауа райына байланысты жылы киіну жағдайларын талқылау.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында өзі таңдаған ойыншықтармен еркін ойындарды ұйымдастыру. Дидактикалық ойындарға «Қалай дыбыстайды?», саусақ ойыны «Қуырмаш» және үстел үсті ойындарын ойнауға жұмылдыру, белсенділігін арттыру. Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, сурет албомдарын қарауына ықпал жасау. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге бақылау. (Балалармен жеке жұмыс).				
	«Ойыншықтар» Мақсат-міндеттері: Ойын алаңын құрастыру дағдыларын бекіту: заттарды үстіне, жанына қоюды пысықтау. (Құрастыру)	«Құрылыс алаңы» Мақсат-міндеттері: Өртүрлі көлемдегі заттарды атауын танып, әр түрлі құрылымдар құрастырып ойнату. (сенсорика)	«Өз өзіне қызмет ету» Мақсат-міндеттері: Түймелерді қадату. Сырамаларды сырғызу. Саусақ қимылдарын дамыту бойынша ойындарды ойнату (сенсорика)	Жаз Мақсат-міндеттері: Жазды ыстық сүйемін, Сайрандап жүремін. Суына шомылам, Күніне күйемін. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. (көркем әдебиет)	«Әшекей заттар» Мақсат-міндеттері: Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: Қ у ыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың

					ұқсастықтарын табуды үйрету. (Мүсіндеу)
Ертеңгілік жаттығу	Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығуларды жасату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Көңілді музыканы видео арқылы тамашалап, қимылдарын бірге жасату. Сөздерін қайталау. Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру. «Әр қашан күн сөнбесін» әнін тыңдату, сөздерін жаттату. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Не істейді? сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауын және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер		Музыка Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдату, бұл әуендерді тани білу.	Дене тәрбиесі <u>Жалпы дамытушы жаттығулар. (таңғы жаттығулар қайталанады)</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> <i>Жүру.</i> қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап жүру <i>Жүгіру.</i> белгі бойынша тоқтап шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; <i>Секіру.</i> Бір орында тұрып қос аяқпен	Дене тәрбиесі <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> <i>Жүру.</i> қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап жүру <i>Жүгіру.</i> белгі бойынша тоқтап шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; <i>Домалату, лақтыру.</i> Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі	Дене тәрбиесі <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> <i>Жүру.</i> қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап жүру <i>Жүгіру.</i> белгі бойынша тоқтап шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; <i>Еңбектеу, өрмелеу.</i> гимнастикалық скамейканың астынан,

			секіруге үйрету. <u>Қимылды ойын:</u> Құстың қауырсыны кімге барады.	бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру; <u>Қимылды ойын:</u> Торғайлар <u>Спорттық жаттығулар:</u> Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.	әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. <u>Қимылды ойын:</u> Төгілген жіптерді жылдам жина
	«Отбасылық демалыс» Мақсат-міндеттері: Отбасының демалыс орнындағы суреттерін көрсету. Суреттердің мазмұнын айтып беруді ұйымдастыру. Әкесі анасы жайлы әңгімелеу дағдысын дамыту. (сөйлеуді дамыту)	Кітаптарды қарату. Мақсат-міндеттері: Қарапайым (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және бірте-бірте күрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?) сұрақтарға жауап беруге үйрету. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. «Инеше» артикуляциялық жаттығуын жасату	«Қолшатыр» Мақсат-міндеттері: Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу) үйрету. Дайын пішіндерді жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Қолшатыр жапсырту. (жапсыру)	«Доптар» Мақсат-міндеттері: Кіші көлемді доптарды шелектерге салу, оларды басқа шелекке аудару. Оларды күрекшемен алып бір біріне ауыстырып салуды жасату. (сенсорика)	Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу. Мақсат-міндеттері: Қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулуды пысықтау. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)

		(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)			
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту). Күн тәртібіне сәйкес тазаауада болуын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. (Қоршаған ортамен таныстыру)				
Серуен	Бақылау. Мақсаты: Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқауды үйрету. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. (Қоршаған ортамен таныстыру) Ләпбукте ойыншықтарды тауып жапсыру. (Жапсыру) Қимылды ойын «Шарды ұста»	Табиғи құрылыс заттарынан күшік пен мысыққа үйшік құрастыруды үйрету (Құрастыру) Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану дағдысын дамыту. Ыдыстағы заттарды екі қолмен алып екінші ыдысқа салу. (Қоршаған ортамен таныстыру)	Балабақша ауласындағы өсімдіктерге күтім жасауды үйрету (қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар Еркін ойындар Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін виолаларды көру (музыка) Қимылды ойын Кім жылдам?	Бақылау. Мақсаты: Ауа райының өзгерістерін байқату. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау барысында Меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолдануға ықпал ету (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, құрастыру) Ұлттық ойын «Қуыр қуыр қуырмаш» Мақсат-Мақсат-міндеттері: балабақша ауласындағы өсімдіктерге күтім жасау.	Бақылау. Мақсаты: Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға) таныстыру (Қоршаған ортамен таныстыру) Құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру негізінде қуыршаққа үйшік құрастыруды үйрету (Құрастыру)

Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюын үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Күндізгі ұйқы	Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Бесік жырын тыңдату. (көркем әдебиет) «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) «Суды, тамақты үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Балалардың сұранысы бойынша ертегіні сахналап көрсету. Сахналанған таныс ертегілерді тамашалап	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және	Құрылыс ойыншықтарымен еркін ойындарды ойнату. (Құрастыру) Ермексаздан өздеріне	Шар мен доп турлерін жасауда қарапайым және күрделі мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру (мүсіндеу)	Бояумен жаңбыр тамшыларын салғызу. (Сурет салу) Фланелеграфта геометриялық фигураларды,

	эмоцияларын танытуды дамыту өз қалау мен сазбалшықты қолдануға мүмкіндік беру (көркем әдебиет) (мүсіндеу)	оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Гүлдердің үстіне жаңбыр жасау. (Жапсыру) Үлгі суретте шарларды саусақтарымен бояу (Сурет салу)	ұнайтын доптарының мүсінін жасату. (мүсіндеу) Ертегі кітаптарының суреттерін қарап, жеке балалармен әңгімелесу (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	Қағазға дайын шарлардың жіптерін салу. (Сурет салу)	машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыруды пысықтау. (Жапсыру)
Балалармен жеке жұмыс	доптарды заттардың арасымен, бір-біріне домалатуын жетілдіру	сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдер мен етістіктерді, сын есімдерді қолдана білуін меңгерту	заттардың санын ажырата (біреу-көп) білуін меңгерту	ересектердің көрсеткен қимылдарын қайталауын пысықтау (шапалақтайды, аяқтарын тарсылдатады, қолдың білектерін айналдырады)	заттарды және олармен әрекет етуді біледі, оларды суреттен тануын пысықтау
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ретсіздікті байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлауды үйрету. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және	Таныс әннің қайталанатын сөздерін айтуға ынталандыру	Қ/О «Жалауға қарай жүгір» Құмға саусақпен	Фланелеграфта жіпке жалаушаларды орналастырып жапсырту	Фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және

	іріктеуді жетілдіру ойындарын ойнату (сенсорика) Құмға саусақпен сурет салғызу, ересектер салған суретті толықтыруға ынталандыру. (сурет салу)	(музыка) Ұлттық ойын «Қуыр, қуыр қуырмаш»	сурет салғызу, ересектер салған суретті толықтыруға ынталандыру. (сурет салу)	(жапсыру)	іріктеуді жетілдіру (сенсорика)
Балалардың үйге қайтуы	Балаға қойылатын сұрақтар туралы кеңес беру. Балалардың күн соңындағы көңіл күйін талқылау «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау				

ЖШСЖШС «ALTAIR kids» балабақшасы
«Балбөбек» кіші тобы

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2025 жыл мамыр айы 4 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 26.05.2025	Сейсенбі 27.05.2025	Сәрсенбі 28.05.2025	Бейсенбі 29.05.2025	Жұма 30.05.2025
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Оларға жайлы жағдай жасап, смайлик арқылы көңіл күйін көтеру. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру(сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ойыншықтарды топтастыру, кітаптарды қарау, Балалармен жеке жұмыс.				
	Балалармен бірге балалар әдебиеті шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарату. Жаз бейнесін көрсетіп тануын қалыптастыру. (көркем әдебиет)	Суретпен әңгіме: «Салыстыр да, атын ата»	Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау.	Үстел үсті ойыны «Ұқсасын тап», Дидактикалық ойын «Зейінді бол», «Кім жоқ?», «Бұл не?»	Саусақ ойыны «Орманда»
Ертеңгілік жаттығу	Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығуларды жасату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі,				

	ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) «Суды, тамақты үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. «Жау жау жаңбыр» әнін қойып балаларға түрлі қимылдар жасату. Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру. Жаңа ойыншықтар көрсетіп таныстыру. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Кім әкелді? сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер		Музыка Қарапайым би қимылдарын орындату: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу.	Дене тәрбиесі <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> <i>Жүру.</i> қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру <i>Жүгіру.</i> белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; <i>Еңбектеу, өрмелеу.</i> гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап	Дене тәрбиесі <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> <i>Жүру.</i> қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру <i>Домалату, лақтыру.</i> Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру; <i>Секіру.</i> Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, 10-15 сантиметр биіктіктен секіруге	Дене тәрбиесі <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> <i>Жүру.</i> қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру <i>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.</i> заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу; <i>Еңбектеу, өрмелеу.</i> гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін

			(алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. <u>Қимылды ойын:</u> Ұшақтар	үйрету. <u>Қимылды ойын:</u> Ұшақтар	төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. <i>Домалату, лақтыру.</i> Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру; <u>Қимылды ойын:</u> Ұшақтар
	Жаз Мақсат-міндеттері: тапмақты жаттату. Жазды ыстық сүйемін, Сайраңдап жүремін. Суына шомылам, Күніне күйемін. Тақпағын қайталау (сөйлеуді дамыту)	«Жеті лақ» Мақсат-міндеттері: Жастарына сәйкес көркем шығармалар оқып беру. «Жеті лақ» ертегісі. Кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Кейіпкерлердің дауысын салуды жетілдіру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, музыка)	Ләпбук арқылы ертегі айтып беру. Мақсат-міндеттері: Балаларға кейіпкерлерін атату. Олардың дауыстарын қимылдарын қайталау. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Үстел үсті құрастырмалы материалдардан бөпе куршаққа кереует жасап орналастыру (сенсорика)	«Көктем» Мақсат-міндеттері: Күннің суретін көрсету. Оны танып атату. Бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Бірінші шағын топ балаларына қағазға күннің бейнесін салуды ұйымдастыру. екінші шағын топ балаларына фланелеграф тақтасына күн, гүл ағаш, құстарды үйлестіріп дұрыс жапсыруын ұйымдастыру. (сурет салу, жапсыру)	«Ғажайып қорапша» Мақсат-міндеттері: Ғажайып қорапшаның ішінен заттар алуын ұйымдастыру. Олардың түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. (сенсорика)

Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажыратуды үйрету. (қоршаған ортамен таныстыру) Шелектермен су тасу. Гүлдерге құю (сенсорика) Ұлттық ойын «Қуыр, қуыр қуырмаш»	Қолшатырды құмда салғызу. (сурет салу) Дидактикалық ойын «Сыңарын тап» Ұлттық ойын «Қуыр, қуыр қуырмаш»	Жаз мезгілі жайлы суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту (көркем әдебиет) «Қауіпсіздік ережелері» Серуенде және сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншіліктаныту және қамқорлық жасауды қалыптастыру. (қоршаған ортамен таныстыру) Қимылды ойын «Жалауға қарай жүгір»	Қоршаған ортадағы гүлдерді таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажыратуды үйрету. (қоршаған ортамен таныстыру) Шелектермен су тасу. Гүлдерге құю (сенсорика)	Қолшатырды құмда салғызу. (сурет салу) Дидактикалық ойын «Сыңарын тап»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету.				

	Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Күндізгі ұйқы	Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу күй тыңдау. Бесік жырын айтып беру (көркем әдебиет) «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Күннің шуақтарын мүсіндету. (мүсіндеу) Күннің шуақтарын домақ негізіне үйлестіріп жапсырту (жапсыру)	Еден үстінде ірі құрылыс материалдарынан еркін құрастыру ойындарды ойнату (Құрастыру) Жазда киетін киімдерді тауып ретімен жапсырту. (Жапсыру)	Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу. Бірлескен ойындарды ұйымдастыру. (құрастыру) Өз қалауымен домалақтау, жалпақтау әдісімен жасалатын заттарды мүсіндеуге мүмкіндік беру (Мүсіндеу)	Жазда киетін киімдерді тауып ретімен жапсырту. (Жапсыру)	Өз қалауымен домалақтау, жалпақтау әдісімен жасалатын заттарды мүсіндеуге мүмкіндік беру (Мүсіндеу) Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу. Бірлескен ойындарды ұйымдастыру. (құрастыру)
Балалармен жеке жұмыс	Ересектермен бірге дене жаттығуларын	қазақ халқының құндылықтарына	қимылдарды, қолдың ұсақ моторикасын	музыкалық-ырғақтық қимылдарды: денені	ересектердің еңбек әрекеттерін бақылауын

	орындауын дамыту	қызығушылығын таныту	үйлестіру дағдыларын меңгерту	оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеуді орындауды қалыптастыру	қалыптастыру
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Күннен қорғану үшін қолшатыр құрастырғызу. (құрастыру) Еркін ойындар ойнату Жеке әңгімелесулерді жүргізу	Алуға, салуға арналған ойыншықтармен ойын ұйымдастыру. (сенсорика) К/о «Шеңберге тез тұр»	Маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылауды үйрету. Еркін ойындар Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін видеоларды көруді ұйымдастыру (музыка)	Күннен қорғану үшін қолшатыр құрастырғызу. (құрастыру) Еркін ойындар ойнату Жеке әңгімелесулерді жүргізу	Алуға, салуға арналған ойыншықтармен ойын ұйымдастыру. (сенсорика) К/о «Жалауға қарай жүгір»
Балалардың үйге қайтуы	Ертегілер кітабын бірге қарауға кеңес беру. Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу. «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау				

ТАҢЕРТЕҢГІ САУЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАР

Қыркүйек айы

1. Бастапқы қалып: қолдарына кішкене құрсауларды алып (диаметрі 25см), тәрбиешінің соңынан жүру. (15-20сек) «Таңертең әтеш тауықтарды серуенге ертіп шығады»
2. Бастапқы қалып: Табандарын қатар қойып, қолдарындағы қырсауларды жоғары көтеріп бойларын түзеп, жоғарыға қарайды. «Тауықтар серуенде осылай бой жазады»
3. Бастапқы қалып: Жоғарыдағы қолдарын құрсаулармен жанына созып, сермейді. «Тауықтар қанаттарын қағады»
4. Бастапқы қалып: Балалар аяқтарын алшақ, иықтың енімен бірдей қойып тұрады. Еңкеіп отырып құрсаулармен еденді түртеді. «Тауықтар жем жейді». Сосын тәрбиешінің соңынан жүріп «Серуеннен қайта оралады»

Қазан айы

1. Еденде (жерде) сызылған шеңбер боймен жүріп (10 сек) тоқтаған соң, қолдарына шар ұстаған балалар тәрбиешіге қарап көрсеткен қимылдарын орындайды.
2. Бастапқы қалып: Шарды екі қолмен кеуде алдына ұстап тұрып, жоғары көтеру «Ұшты, Ұшты, шар ұшты».
3. Бастапқы қалып: Тік тұрып, аяқтарды қатар қойылған, шар ұстаған кеуделерінің алдына қолдарын алға созып, отырып тұру.
4. Бастапқы қалып: Жоғарыдағыдай еңкейіп шарларын ортаға домалату және соны ұстап өз орнына оралады.
5. Бастапқы қалып: Оңға бұрылып шеңбер бойымен тәрбиешінің соңынан шарды оң бүйіріне қойып, оң қолдарымен ұстап жүру.

Қараша айы

1. Бастапқы қалып: Тәрбиешінің соңынан жүріп (15 сек) сапқа тұрады.
2. Бастапқы қалып: Балалар қолдарын белдеріне қойып, оң – сол жаққа иіліп сап түзеп жүреді. (Қонжықтар серуенге шықты).
3. Бастапқы қалып: Қолдарын белдеріне қойып бытырап жүреді. Еңкейіп қолдарын еденге тигізеді. (Қонжықтар жиде тереді).
4. Бастапқы қалып: Оңға бұрылып бойымен тәрбиешінің соңынан қолдарын бүйіріне қойып жүру

Желтоқсан айы

1. Бастапқы қалып: Сапқа тұрып, тәрбиешінің соңынан қос сызықтың арасымен жүру (15 сек) «Қояндар көпірден өтуде»
2. Бастапқы қалып: Шеңбер бойлап тұру, табандары қатар қойылған, қолдары төмен түсірілген, қолдарын беттеріне апарып, «Қояндарша бет жуу» қимылдарын орындайды.
3. Бастапқы қалып: Жоғарыдағыдай, оң қолы оң бүйірінде, соң қолы маңдайында оңға , солға бұрылады. (Қояндар жан жағына қарап бақылайды).
4. Сапқа тұрып қос сызықтың арасымен жүру. (Қояндар үйге оралады).

Қаңтар айы

1. Сапқа тұрып тәрбиешінің соңынан еріп шеңбер бойлап жүру.
2. Бастапқы қалып: Екі қолын жайып екі жағына, сермеп шеңбер болып жүреді.(Көбелектер ұшады)
3. Бастапқы қалып: Жоғарыдағыдай қолдарын бүйірлеріне қойылған, оңға – солға кезек – кезек бұрылып иілу (Көбелектер гүлдерге қарайды)
4. Бастапқы қалып: Шеңбер бойлап бірінің артынан бірі жүгіріп, қолдарын жандарына созып сермейді, тізе бүгін жүрелеп отырады да қайта жүгіреді (Көбелектер гүлдерге қарайды)Тәрбиешінің артынан көрсетілген бағытта жүреді.

Ақпан айы

1. Екеуден қол ұстасып тәрбиешінің соңынан жүру (15 сек) – қаздар өзенге бара жатыр.
2. Тәрбиешінің көмегімен екеуден сапқа тұру.
3. Бастапқы қалып: Аяқтарының өкшесі бірге, ұшы ашық қойылған, қолдары бүйірлеріне қойылған. Бастарын оңға – солға бұрады (Қаздар өзенге келгенде жан жағына қарайды га – га – га деп)
4. Бастапқы қалып: Жоғарыдағыдай белдерінен еңкейіп төмен қарайды. (Қаздар суға қарайды) қолдарының ұшын аяқ басына тигізеді (Қаздар шомылуда)
5. Орнынан тұрып баяу жүру.

Наурыз айы

1. Бірінің артынан бірі жүру және жәй жүгіру, алмастырып. Балалардың қолдарында сылдырмақтар. Шеңбер бойлап тұру.
2. Бастапқы қалып: Аяқтарын алшақ, табандары қатар қойылған. Сылдырмақтар екі қолымен жоғары көтеріп, аяқ ұшына тұру және оларды сылдырлату.

3. Бастапқы қалып: Тік тұрып, қолдары төмен түсірілсін. Оңға – солға иіліп сылдырмақтарды бір біріне соғу.
4. Бастапқы қалып: Жоғарыдағыдай алға еңкейіп тізңлеріне сылдырмақтарды созу.
5. Тәрбиешінің соңынан сапқа тұруп жүру.

Сәуір айы

1. Екі сапқа тұрып, көрсетілетін бағытта жүру (Қолдарына сылдырмақтар)
2. Бастапқы қалып: Екі сапта балалар бір- біріне қарап тұрады, тік тұрып қолдары төмен түсірілген. Қолдарын алға созып қарсы тұрған баланың сылдырмағына тигізіп, қолдарын арқасына жасыру.
3. Бастапқы қалып: Еденге отырып, аяқтарын алға бір – біріне қаратып созу, алға иіліп сылдырмақтарды еденге соғу.
4. Қатар саппен көрсетілген бағытта жүру.

Мамыр айы

1. Тәрбиешінің соңынан жүру қатар қойылған кегли (жалауша) арасымен жүру.
2. Шеңберде тұрып, Б.Қ. өкшелері бірге, аяқтың ұшы алшақ қойылған , қолдары төмен түсірілген. Қолдарын алға созып аяқтарын тәрбиешіге көрсетеді, сосын арқаларына жасырады. (Қандай біздің алақандарымыз тап – таза).
3. Бастапқы қалып: Жоғарыдағыдай қолдары белдеріне. Жүресінен отырып алақандармен тізелерін шапалақтайды. (Алақанмен тізені тазалап алайық).
4. Бастапқы қалып: Тік тұрып аяқтарыбірге қосылған, қолдары төмен түсірілген. Қолдарын бастарынан жоғары көтеріп шапалақ қағады.

ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР

Өз үйінді тап

Ойыншылар 3-4 кішкентай аласа ұзынша орындықтарда отырады. Барлық балаларда әдемі үлкен ойыншықтар: бірінші тұрған ұзынша орындықта қуыршақ, екіншісінде –ит, үшіншісінде-мысық, төртіншісінде-аю, қояю. Тәрбиешінің «Серуенге шығамыз» деген нұсқауымен барлық балалар орындарынан тұрып тәрбиешінің соңынан жүреді.

Серуен барысында балалар түрлі қозғалыс қимылын орындайды (секіреді,жүгіреді, жүреді). Тәрбиешінің «Жаңбыр жауа бастады» деген нұсқауымен балалар өз үйлеріне қарай жүгіреді. Ойынды қайталау барысында, тәрбиеші балаларға білдірмей ойыншықтардың орынын ауыстырып қояды. Балалар өз үйлерін тез, адаспай табуы керек.

Жүгіріп қағып ал.

Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші үлкен әдемі доппен балаларға қарама-қарсы тұрады.(қашықтығы1,5-2м) Тәрбиеші» Бір

лақтырамын, екі лақтырамын, үш лақтырамын, кім жүйрік қағып алсын!» -деп допты лақтырады да өзі қағып алып: «Қаға алмадыңдар қайта жүгіріңдер» дейді. Балалар өз орындарына қайта барып тұрады. Ойын жалғасады. Ойын кезінде балалардың қағып алуына мүмкіндік жасап, қойып жүреді. Қалған балалар соңына еріп жүреді.

Құстың қауырсыны кімге барады.

Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші құстың қауырсынын алып, үрлейді. Барлық бала жан – жаққа қашып жүгіреді, ойын жалғасады.

Жалауға қарай жүгір

Балалар тәрбиешіге қарама-қарсы тұрады. Тәрбиеші қолындағы жалауды жоғары көтереді. Балалар тәрбиешінің қасына жиналады. Жалауды қайта түсіргенде балалар жан-жаққа тарап кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанған соң, бір бала жалауын көтеріп жүреді, басқа балалар соңынан еріп жүреді. Ойын басынан қайталана береді.

Шарды ұста

Тәрбиеші ортаға көп үрленген шарларды жайып тастайды. Ойын басталды деген кезде (тәрбиешінің көмегімен) балалар шарды ұстап тәрбиешіге береді. Кім көп шар жинаса сол бала жеңімпаз атанады. 10-15 сек. Ойын жалғасады.

Күн мен жаңбыр

Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді.т.б. Тәрбиеші «Жаңбыр жауды!» дегенде балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Тәрбиеші «Күн шықты!» дегенде балалар қайта алаңға шығып ойындарын жалғастыра береді.

Ұшақтар

Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызып, тәрбиеші өзі ұшақ болып көрсетеді. Тәрбиеші «Ұшақтар ұшады!» деген кезде барлық бала ұшақ болып ұшады. «Ұшықтар қона бастады!» дегенде барлық бала өз орындарына келіп қона бастайды. Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады.

Автобус

Балалар қатарға бір-бірден тұрады. Тәрбиеші автобус жүргізушісі. Қалғандары жолаушылар. Тәрбиеші дыбыс берген кезде автобус жылжи бастайды. Ең әуелі баяу, кейін жылдам, жылдамырақ жүреді. Балалар жүрісті баяулатады. Жүргізуші автобусты тоқтатады. Ойын тағы жалғасады.

Торғайлар

Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызып, тәрбиеші өзі торғай болып көрсетеді. Тәрбиеші «Торғайлар ұшады!» деп барлық балармен қолын екі жанына созып, сермеп ұшады. «Торғайлар жерге қонып, жем тере бастады деп» барлық балаларды өз орындарында тоқтатып, отырып, саусақтарымен еденді түрткізеді. Содан соң торғайлар ұйқтады деп, екі алақанын бетінің бір жағына қойып, басын қисайтып, көзін

жұмады. Тәрбиешінің осы қимылдарды қайта бастауымен ойын жалғасады.

Төгілген жіптерді жылдам жина

Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді. Тәрбиеші ортаға бірнеше үлкен орама жіптерді тарқатып тастап, бірнеше балаға ораманы алап жіптің ұшына жеткенше орап кел деп, өзі жіптің басын ұстап отырады. Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады.

«Ортамызда кім жоқ»

Балалар тәрбиешіге қарама-қарсы тұрады. Тәрбиеші қолындағы орамалды баланың біреуінің үстіне жабады-да балалардан сұрайды, ортамызда кім жоқ?

Тәрбиеші орамалды баланың үстінен көтеріп алып, баланың атын айтады.

Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады.

«Допты қуып жет»

Ойынға 5-6 бала, тәрбиеші басқаруымен қатыса алады. Тәрбиеші доптарды себетке салып алып, балалардың алдына домалатып жібереді. «Допты қуып жет» деген белгі бойынша балалар допты ұстап алып тәрбиеші ұстап тұрған себетке салуы керек.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАЛАРЫ

«Түйе-түйе»

Ойнаушыларды бірінен соң бірін белінен құшақтатып ұстатып тұрғызады. Бастаушы түйе – тәрбиеші, ал соңынан ілескен ойыншылар боталар. Бастаушыдан бөлек ұстаушы тағайындалады (Алғашқы кезде ересек адам. Балалар ойын ережесін меңгерген соң бастаушы та, ұстаушы да балалар арасынан қойылады). Бастаушы түйе – тәрбиеші және соңынан ілескен ойыншы балалар – боталар кең алаңда айналып қозғалып жүреді. Ұстаушы сол тізбектегі соңында жүрген баланы ұстауға әрекеттенеді. Егер ұстап алса қолынан жетектеп орындыққа жеткізіп отырғызады.

«Тақия тастау»

Ойынға бірнеше бала қатысады. Балалар шеңбер жасап отырады. Жүргізуші шеңбердің сыртын айнала жүгіріп, бір баланың артына білдіртпей тастап кетеді. Сезіп қойған бала жүргізушіні қуып жетуі керек. Ал жүргізуші бала қуған баланың орнына келіп отыра қалуға тырысады. Жүргізушіге жете алмаған бала айыбын төлейді, өнер көрсетеді.

ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР

«Кім қалай дауыстайды?»

Мақсаты: балалардың есту, тану қабілеті мен зейіндерін дамыту.

Ойын құралдары: Ойыншық құстар, қаз, балапан, әтеш, қарға. Құстардың даусын естіртетін құрал.

Ойын барысы: Тәрбиеші қаз, балапан, әтеш, қарға ойыншық құстарды бөлмеде әр жерге балаларға көрсетпей орналастырып қояды. Құстың даусын естіртіп ол құс қайда отыр деп балаларға таптыртады. Тапқан соң оның даусын бірге айтуды ұсынады құстарды бір алаңға жинап жем шаштыртады.

Өз үйінді тап

Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру, қабылдауын дамыту, ойынның ережесін сақтауға үйрету.

Ойын құралдары: түрлі-түсті дөңгелектер.

Ойын барысы: Балаларға түрлі-түсті дөңгелектер таратып, түстерін атау. Белгі бойынша балалар дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңбер үстіне тұрып жылдам шеңбер жасап өз үйлеріне жайғасу қажет.

Сиқырлы суреттер

Мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.

Ойын құралдары: әртүрлі сурет кескіндері

Ойын барысы: Балалар алдарындағы үлгі бойынша кескіндерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.

«Не қайда тұрады?»

Мақсаты: Ойын арқылы балалардың тілін, ой-өрісін дамыту.

Ойын құралдары: Жануарлардың және олардың өмір сүру орталарының суреттері.

Шарты: Балаларға иттің, қоянның, қойдың, торғайдың т.б суреттерін көрсетіп сұрақтар қою арқылы әрқайсысының өмір сүру орталарына орналастыру қажеттігі түсіндіріледі (итке-үйшік, торғайға-ұя, қойға-қора, қоянға-орман).

«Тәрелкесімен кесені сәйкестендір»

Мақсаты: Түстер туралы ұғымдарын кеңейту.

Ойын құралдары: Картоннан қиып дайындалған әр түсті кеселер мен тәрелкелер.

Ойын барысы: Тәрбиеші қызыл, жасыл, сары түсті ыдыстарды балаларға көрсетіп, әңгімелейді: Дүкенге алдымен тәрелкелерді әкелді. Дүкеншілер оларды сөрелерге орналастырды. Жоғарғы сөреге сары түсті, ортаңғы сөреге жасыл түсті, төменгі сөреге қызыл түсті тәрелкелерді орналастырды. Балаларға сұрақ қойып қайталатады. Сонан соң кеселерді әкелді. «Қане, балалар дүкеншілерге кеселерді тәрелкелерге түстеріне қарай орналастыруға көмектесейікші» - деп балаларды ойынға шақырады.

«Даусын сал!»

Мақсаты: құстардың түрлерін тану және олардың дауыстарын салуды үйрету.

Ойын құралдары: құстардың суреттері.

Ойын барысы: Құстардың суреттерін таратып береді.
Кімде қандай құстың суреті атау, соның даусын салады.

«Не жоқ?»

Мақсаты: балалардың логикалық ойлауын дамыту, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.

Ойын құралдары: ойыншықтар.

Ойын барысы: ойыншықтарды қатар-қатар қойып, балалардың назарын ойыншықтарға аударады. Осыдан кейін балалар көздерін жұмып отырады. Осы кезде педагог ойыншықтардың біреуін алып қояды. Балалар көздерін ашып, қай ойыншықтың жоқ екенін табады.

«Түрлі түсті моншақтарды тізу»

Мақсаты: Түстеріне қарай тізуге үйрету.

Ойын құралдары: Әрқайсысы бес данадан ақ, сары, жасыл түсті диаметрі -2 см моншақтар, жіптер.

Ойын барысы: Қонаққа қуыршақтар келеді, өзімен бірге моншақтары бар қорапты әкеледі. Балалардан моншақ жасаап берулерін сұрайды. Тәрбиеші балаларды қораптан моншақтарды бір түсті етіп алып жіпке түзуді үйретеді сосын балалар жеке-жеке таңдаған түстегі моншақтарды ретімен алып, жіпке тізеді. Тәрбиеші ұштарын байлап қуыршақтардың алдына қояды.

Көпіршік

Мақсаты: Демалу, дыбысты айту қабілеттерін дамыту. Тыныс алуды қимыл-әрекетімен сәйкестендіру.

Ойын барысы: Балаларды шағын топпен қол ұстасып бір-біріне иықтарын тигізіп шеңбер етіп тұрғызады да, бұл шағын көпіршік деп түсіндіреді. Оның ортасына қарай үрлесек ол үлкейеді деп ортаға қарай үп- үп- үп- деп үрлетеді. Көпіршік үлкейіп балалар арасы қолсозым жағдайға жеткенде «пақ» етіп көпіршік жарылады, балалар сол кезде отыра қалады. Ойын қайталанады.

Саққұлақ

Мақсаты: Есту қабілетін дамыту, белсенді сөздікті толықтыру, сөйлеуін дамыту

Ойын құралдары: қалқа (тасалап тұратын нәрсе), қоңырау, сылдырмақ, дабыл және т. б.

Ойын барысы: бала дыбыстар табу үшін, анық және кезектесіп шығуы керек. Тәрбиеші қалқаның артында тұрып, кезек бойынша жоғарыда аталған заттармен дыбыс шығарып және балалардан дыбыстың қандай заттан шыққанын табуын ұсынады.

Жапырақтар

Мақсаты: Бірқалыпты, ерікті дем шығаруға үйрету.

Ойын құралдары: Жұқа қағаздан жасалған сары және қызыл жапырақтар.

Ойын барысы: Тәрбиеші балаға күзде ағаштардың жапырақтары түсетінін түсіндіреді. Бұл құбылыс жапырақтардың түсуі деп аталады. Жапырақтардың түсуін үйде ұйымдастыруды түсіндіреді. Бала жапырақтар ұшатындай, оларға үрлейді. Жаттығу 2-3 рет орындалады. Алтын, сары, қызыл, көк,
Алуан – алуан жапырақ.
Күзгі бақта күлімдеп,
Көз тартады атырап.

Не істеу керек, табамыз

Мақсаты: Есту және зейінін жұмылдыра білуін дамыту. Сылдырмақтың дыбысымен өзінің қозғалысының арақатынасын белгілеу, қозғалыс сәйкестігін дамыту.

Ойын құралдары: Сылдырмақ, екі жалауша.

Ойын барысы: Баланың қолында екі жалауша бар, егер тәрбиеші сылдырмақты қатты сылдырлатса, онда бала жалаушаларды жоғары көтереді және бұлғайды. Егер сылдырмақ ақырын сылдырласа, онда жалаушаларды төмен түсіреді. Мұнда балалардың дұрыс тұруын және қозғалыстарының дәл орындалуын қадағалау маңызды. Бала жаттығуды жеңіл орындау үшін сылдырмақтың қатты және ақырын дыбысталуын кемінде 4 рет алмастыру қажет.

Кім алғыр?

Мақсаты: Есту қабілетін дамыту, сөздік нұсқаулықты, оны айтатын дауыс күшіне қарамастан дұрыс қабылдай білуді дамыту.

Ойын құралдары: Ойыншықтар: қуыршақ, аю, мәшине.

Ойын барысы: Тәрбиеші ойыншықтары бар үстелдің жанында отырады. Бала одан 2-3 метр қашықтықта болады. «Мен сыбырмен сөйлейтін боламын, сондықтан бәрі естілу үшін тыныш отырып, зейінмен тыңда»:

- Аюды ал және мәшинеге отырғыз.
- Аюды мәшиненің ішінен ал.
- Мәшинеге қуыршақты отырғыз.
- Қуыршақты мәшинемен қыдырт. Бала бұл тапсырмаларды естуі, тусінуі және орындауы қажет. Тапсырмалар қысқа және жеңіл, ал айтылуы ақырын, бірақ анық болу керек.

Мәшине

Мақсаты: «Б» дыбысын дұрыс және анық айтуды қалыптастыру, жеке дыбысқа еліктеп қатты және жай айтуды, кеңістікте бағдарлана білуді дамыту.

Ойын құралдары: Картоннан жасалған (бала санына байланысты) тұтқа, үлкен және кіші мәшинелер.

Ойын барысы: Тәрбиеші мәшинені көрсетеді және оның қалай гүрілдейтінін сұрайды (бң-ң, бң-ң). Сосын үлкен мәшинені көрсетіп, айтады: «Үлкен мәшине қатты гүрілдейді тыңда, былай (бң-ң, бң-ң, дыбысқа еліктеуді әдеттегіден қатты айтады), ал кіші мәшине жай гүрілдейді (сыбырлап 25 ақырын айтады, бң-ң,бң-ң). Балаға дыбыс тіркестерін біресе қатты, біресе жай қайталау ұсынылады. Содан соң тәрбиеші балаларға өздері мәшинемен қыдыруды ұсынады. Балалар жүргізушілерді бейнелеп, қолдарында тұтқа топ ішінде «бң-ң, бң-ң» деп айтып бытырап жүгіреді.

Дәл осындай пішінді тап

Мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.

Ойын құралдары: бала саны бойынша құлыптың суреттері, геометриялық пішіндер.

Ойын барысы: Сиқырлы құлыпты ашуды ұсыну. Құлыптың кілттері де сиқырлы, геометриялық пішіндерден қажетті құралдардан екенін айту. Әр бала құлыпқа сай келетін кілтті алып, құлыпты ашады.

Үй құрылысының ретін көрсет

Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту.

Ойын құралдары: баланың саны бойынша әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі.

Ойын барысы: Балаларға үйдің суретінің үлгісін көрсету. Балаларға әртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді құрастыруды ұсыну.

Әдемі кілемшелер

Мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Ойын құралдары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер.

Ойын барысы: Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды.

Сауықтыру шаралары

Сумен шынықтыру

Сумен шынықтыруда бала ұсақ тастары бар ваннада жүреді. Су температурасы +35°C, +34°C-тан +23°C, +22°C-қа дейін әр үш күн сайын 2 градусқа төмендетіліп отырады. Басқа күнделікті шараларда су температурасы +30°C градустан +18°C, +16°C-қа дейін біртіндеп төмендейді.

«Ригалық әдіс»

Тұзды жолмен жүру. Бұл шынықтыруда 1,5-2 метрлік жұмсақ сүлгіні 10 % тұз ерітіндісімен сулап (100гр тұзды 1литр суға) балаға оның үстімен жүруді ұсынады. Сосын таза сумен аяқты жуады.

Жалаң аяқ жүру

Топта түкті кілемшенің үстінен, бүдірлі аяқ жолмен түскі ұйқыдан соң жүреді.

Бой сергіту өлеңдері

Бала, бала, балақан (қолдарын көтеріп)
Кәне, қайсы алақан? (алақандарын көрсету)
Саусақтарың әйбәт (саусақтарын қимылдату, ойнату)
Былай, былай ойнат.

Аю, аю тұршы (*орындарынан тұру*)

Бетінді жушы (*екі қолымен бет жуу*)
Айнаға қарашы (*айнаға қарау қимылы*)
Шашыңды тарашы (*шаш тарау қимылын жасау*)

Күнге қарайық (*шеңберге тұру*),
Шашымызды тарайық (*бастарын жоғары көтеру*).
Керіліп, дем алайық (*күнге созылу*),
Бойымызды жазайық (*қолды белге қою*).

Топ, топ, топ, топ басайық (*шеңберге тұру*)
Жалаудан күн жасайық (*жалаушаларын көтеру*)
Жаса, жаса, алтын күн (*бір орында аяқты нық басып жүру*)
Жаса, жаса, алтын күн

Орнымыздан тұрамыз (*мәтінге сәйкес іс-қимылдар жасату*)
Қолды белге қоямыз
Иілеміз оңға бір
Иілеміз солға бір
Жоғары қолды созамыз
Аяқтың ұшында тұрамыз
Бір отырып, бір тұрып
Біз тынығып аламыз

Біз аяқпен топылдаймыз (*мәтінге сәйкес іс-қимыл жасату*)
Біз қолмен шапалақтаймыз
Баспен біз шайқаймыз
Қолды жоғары көтеріміз
Одан кейін түсіреміз
Одан кейін ақырын
Орнымызға жүгіреміз